



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



ӘҢГІМЕ СИҚЫРЫ – МИСТИКА АРБАУЫ

(Думан Рамазанның қос әңгімесі хақында)

Алладан жасырлатыны жоқ, қазіргі қазақ прозасында біреуді жсалған атақпен малтықтыратын, көлгірсіген қолпаппен орынсыз классик атандыратын, ал, біреудің көз майын таусып жазғанын оқырмандық орта кеңестік ділдің кесірінен мүлдем ұғынбай әдеби ортадан жәнсіз шететіп руханияттың Бермут ұштағанына батыратын мәдени кеңістік деп ұғынар болсақ. Онда осы Бермут ұштағаны пешенесіне жазылғандар Гомер – Джойс және орта буын прозашылары үшемінен тұрар еді.

Біздің буынның өз классиктері бар, олар әлемдік деңгейдегі прозалық туындылар жазды. Бірақ соларды бағалау жағы әлі ұлттық әдебиеттану мен милеттік әдеби сында жетіспей жатыр. Сол өз бағалауын ала алмай жүрген қаламгеріміздің бірі – Думан Рамазан. Жазушының әлем әдебиетінде кеудемсоқтықпен қосылған Батыстың кейбір қаламгерлерін жолда қалдыратын екі бірдей әңгімесі бар. Оларды елемеу, аттап өту және қазақ мистикалық әдебиетінің жаһан әдебиетіне қосқан үлесін сөз етпеу ғылым алдындағы әділетсіздік болар еді.

Қазіргі біздің өзгелердің жазып-сызып бергені негізінде «әлем әдебиеті» деп жүргеніміз алаш әдебиетінің жаһандық мәдени процестегі басқаларға үлгі-өнегелік түп негіз болуы ғана. Біз – әлем әдебиетінің бастау көзінде тұрған ұлтпыз. Осы сөзді бізге орта буын қаламгерлері айтқызып отыр.

Постмодерндік бағытты ұстанған Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Нұржан Қуантайұлдарының туындыларымен біршама таныс болу әдеби стильдің, әдеби бағыттар мен ағымдардың кейбір қырларын Думан Рамазанның «Жан» және «Жын» атты қос әңгімесі арқылы ашып көрсетуге түрткі болды.

Қазақ әңгімесінің өзегі болып табылатын сан қатпарлық пен көпқырлылықты ұғыну оңай шаруа емес, ол тек авторлық идея мен жазушы дербестігін бірлікте алып қарастырған шақта ғана айқындала түседі. Әрі екеуінің арасында көзге көрінбес, тек жүректен ғана түйсінетін берік байланыс бар. Осы аңыстауда ғана біз Думан Рамазанның мистикалық реализм бағытында жазылған әңгімелерінің әдеби процестегі шынайы ролін байыптай аламыз.

Толстойды кеудеден итеріп, Достоевскийді есіктен сығалатып, өз шығармасының бойына жолатпай қойған Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Нұржан Қуантайұлы, Думан Рамазандардың стильдерін Прустық, Кафкалық, Манндық, Джойстық т.б. жазу мәнерімен бірлікте алғанда ғана олардың нағыз дербес айшығының табиғатына бойлай аламыз. Сонымен біз зерттеуші ретінде «Жан» және «Жынның» қосарәлеміне қатысты өзіміздің ойымызды әдеби ортаның назарына ұсынуға бел шештік. Бұл қадамымыздың сәттілігі мен сәтсіздігін оқырман қауым өзі бағалай жатар...

1. "ЖАН" ӘҢГІМЕСІ

Біз қазір аз оқимыз, бірақ мәз оқимыз. Әдебиетсүйер қауымның өзінің жүрегі елжірейтін ақындары, көңілі құлаған жазушылары бар. Қазіргі саналы да, өрелі оқырманды мұрнынан сүйреп, қазақ классикалық әдебиетін оқып жарытпай жатырсындар

деп еш сөуге болмайды. Олар өзі ұнатқан 50-20 жас аралықтарындағы қаламгердің ғалымдар тарапынан жылы сөз естуін күтеді. Тек пікір білдіруді осы қаламгерлердің өз ортасына ғана сілтей салмай, ғалымдарымыздың әдеби процестегі орын алып жатқан құбылыстарға кешенді түрде атбасын бұрғаны орынды болар еді. Осы орайда қазақ әдебиетінің мәңгілік



Думан Рамазан



тақырыбы “перілік пен пенделіктің”, “періштелік пен сайтандықтың” басын аша зерделейтін кез туды. Ең бастысы...

Қазақ қаламгерінің Жын-Шайтанмен күресуін қолдау керек пе, әлде оның әдеби барлығын білмегенсіп, түйеқұстай кеңестік дәуірдің теориялық ойларына басымызды тығып алып, ат-тонды ала қашу керек пе!?. Қазақ прозаиктері өздерінің мистикалық реализмдері, постмодерндік сезімталдықтары арқылы шайтанды Алдар көсе бабамыздай екі бүйірінен тепкілеп ат қып мініп алды. Осындайда осы бір әдеби құбылыстың сөз етілмеуі француздық әдебиет теоретигі А.Компаньонның “Французда теориялық ойдың болмағаны ма?!” дейтін ащы күйінуін ойға оралтады.

Кезінде тағы бір француз философы Бодлер өзінің “Қайыршыны төмпештендер” еңбегінде “Бейбақ Сократтың Жын-Шайтаны – тыйым салдырушы. Менікі керісінше – ұлығ бекемдеуші; өйткені, ол не іс-әрекеттің не болмаса қиян кескі күрестің Жын-Шайтаны” деп жазған болатын. Тап осы жағдайды өз мәтіндері арқылы қазақ қаламгерлері бізге сездіргісі келеді.

Оны елемеу, көзге ілмеу кеңестік дәуірдегі таптаурынды сын мен марксистік теорияның жалына жабысып алып, әдеби зерттеулерде “жаңа сын”, “поэтика”, “структурализм”, “семиология”, “нарратологияны” қолданбау опа таптырмайтыны анық. Міне, осылар өз зерттеушілерін тапса, қазақ ғылымының бағы жанар еді де, заманалық әдебиетіміз сан алуан бояуымен оқырман қауымға жарқырай таныла түсер еді.

Танымал ақынымыз Ерлан Жүніс Гүлсара Шалқарға берген «Әдебиетте ешкім бірінші емес» деген сұхбатында: “Мен түсініксіздікке, күңгірттікке ұрынамын деп қорықпаймын. Экспериментке барған мен емес, менің қоғамым. Экспериментке жетелеген – ХХІ ғасырдағы әлем, ол бәрін жаңадан бастағысы келеді. Тіпті тәуелсіздік алған жиырма жылдың ішінде біздің қоғам тек қана экспериментпен келе жатыр. Қазақ бұрындары кешпеген сезімдер мен ойларды, күрделі құрылымдарды осы жиырма жыл ішінде басынан кешірді. Таным түсінігі өзгерді, тіпті қоғамдық-әлеуметтік, басқа да секторлардың бәрінде жаңа кезеңдер ашылды.

Мұның барлығы сол қоғамда өмір сүріп жатқан менің жанымә эсер етпеуі мүмкін емес еді. Бұл қоғамнан бөлектеніп, төрт қабырғаға қамалып, ХІХ ғасырдағы ескі ақындарша жырласам, маған жараспас та еді. Әрбір эксперимент өзінді іздеу ғана емес, өз замандасыңды іздеу. Әдебиетте эксперименттер мен реформалар болмаса тағы болмайды. Мен өз эксперименттерімнің құрбанына айналуым мүмкін, одан мен ұтылғанмен, менің замандастарым ұтылмайды....

Сәтті не, сәтсіз деп айтпай-ақ қойың, бір айтарым – «қазақ әдебиетіне керегі жаңа форма емес, жаңа мазмұн» деген тамаша ой айтады.

Қазақ әдебиеті майданында Ерлан бауырымыз

айтқандай қаламгерлеріміз тарапынан батыл эксперименттер мен қиян-кескі реформалар жүріп жатыр. Әр эксперименттің басында, әр реформаның артында оқырманға өздерін танытқан әдебиет дүрлері тұр. Бір нәрсе айқын – «Әдебиетте ешкім бірінші емес». Солай десек те, постмодерндік сезімталдықпен мистикалық және сюрреалистік реализмде өзін танытқан жаңашыл қаламгерлеріміздің бірі, әрі бірегейі – Думан Рамазан. Бізге бұл пікірді оның екі бірдей шығармасы “Жан” мен ”Жын” айтқызып отыр. Автор екі түрлі хронотоптық кестелеуді қолданады. “Жан” әңгімесі “Өлілер мен тірілер әлемі арасындағы паралельге” құрылса, ”Жында” “Реалды және бейреалды әлем арасындағы паралель” көркемдік шарттылық түзеді. Осы мақалада қаламгердің “Жан” әңгімесі сөз болады.

Автордың көркемдік деңгейі жоғары болған сайын оның туындысының сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұрады. Міне, сондай сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала көзге ұрып тұратын Думан Рамазан әңгімелерінің бірі – “Жан”.

Қазақ әдебиетінде алаш діни-философиялық дүниетанымындағы түрлі мифтік құбыжықтар формулаға айналып отыр. Бұнымен әдеби сын санасуға тиіс. Біз осы бір әдеби формулалықты көптеген ұлт авторларының шығармашылығында мольна ұшыратын болдық. Ол туындыны қолына алып оқыған оқырманды шындық өмірден аулақтатып, қаламгердің тылсымды әлеміне ойша саяхат жасауға жетелейді. Думан Рамазан “Жан” әңгімесінде бас кейіпкері Жұлдызжанның көмегімен әңгімелеуші архетиптер арқылы бізді ұлттық мәдени тақырыптармен, алашқа ғана тән стеротиптермен, әрі символдармен табыстырады. Формула дегеніміз – Думан әңгімесінің тіні болатын белгілі бір ұлттық арнайы штамптан синтезденген комбинация, әрі алаштық архетиптердің әңгімелеуші формада көрініс беруі. Ұлттық діни-философиялық түсініктің шығарма бойында адам жанының не көк кептер, не көк шыбын болып ұшып кетуін жаңа жағдайға бейімдей қолдану. Фольклорлық ұғым да, авторлық ұстаным да бір-бірінен алшақ кетіп тұрған жоқ. Заманалық қазақ өнері өзін стандартқа түсіруді хош көре бермесе де, жазушы қаламы арқылы ұлт арасында кең тараған белгілі бір дағдылы конструктылардың (қаңқаның) оқырман мен туындыгер арасын жалғайтын коммуникатор (арағайын) қызметін атқаратынын жоққа шығаруға болмайды. Бұл ұлт әдебиетіне тән әдеби формулалық арқылы өзін танытады. Бұрынғы кеңестік кезеңдегі формулалық кедейлікті, ұлттық дәстүрді тәрк етуді дағдылы конструктыға айналдырса, енді бұның орнын бағзы дәуірден тамыр тартқан фольклорлық-діни персонаждар мен ұғым-түсініктер басып отыр.

Өйткені, әңгіме жанры ұзақ жазылатын хикаят пен роман емес, сондықтан оқырман дүниетанымына жақсы таныс діни-мифологиялық ұғымдарды қаламгер түрлі ракурста бере алады. Бұл формулалық жазушыға



өз туындысын бір жағы жылдам жазып шығуға септесе, екінші жағы өз ойын түрлі аспектіде ұғынуы үшін оқырманға ұсынуына мүмкіндік береді. Роман мен хикаят беллетристикада болмаса, көркемдігі жоғары туындыларда формулалыққа еш көнбейді.

Біз талдағалы отырған Думан Рамазанның “Жан” және “Жын” атты екі әңгімесі екі түрлі бағытта екі түрлі тұрақты мотивті жаңаша көзқараспен жұртқа таныту болып табылады.

Әңгімеде басты желі бірі – өлі, бірі – тірі қос жерлестің кешегі және бүгінгі өмірінің мұражайда ұштасуынан бастау алады. Автор осы әңгіменің экспозициясын көне түркілік “Ғажайып өмірге келу” мифін арқау еткені байқалады.

“Бір таңқаларлығы, қарымды қаламгер қайтыс боларынан аз-ақ күн бұрын бұның әке-шешесінің түсіне қатар кіріп, бір кескін-кейіпте көрініпті. Маңдайында күндей жарқыраған алтын жұлдыз бар екен дейді. Соны өз қолымен жұлып алып, бұлардың алақанына салып кетіпті. Үлкендер жағы оны жақсылыққа жорып, әрдайым мақтанышпен айтып отыратын. Содан жылдар бойы бала көтере алмай жүрген шешесінің аяғы ауырлап, тоғыз ай, тоғыз күннен кейін дүниеге бұл келіпті. Ата-анасы сол бір жақсы түсті естеріне алып, «Өмірде жұлдызы жансын!» деген ырыммен есімін Жұлдызжан қойыпты.”

Сонымен автор бізге осы әңгімесінде нені ұсынып отыр? Моноцентрлік әңгіме сюжеті «кәсіби драма» формуласы, махаббат машақаты, отбасылық құпияның жария болуы, Бөгде тіршілік иесінің іс-әрекеті формулалары Жұлдызжанның дардай жазушының мұражайында бастан кешкен оқиғалары арқылы эпикалық ауқымда суреттеледі. Автор дәстүрлі үш формулалықты тұрақты діни мотивтерді қатыстыру арқылы шығарма композициясын мистикалық реализм шарттылығына сай айшықтайды.

Зиялы қауым арасындағы текетіреске құрылған шым-шытырық оқиғаларының «кәсіби драма» формуласы арқылы айшықталуы қазақ прозасында бұрыннан орын алған байырғы конструкты. Зиялы қауымның бір-бірімен бітпес күресінің көрінісі Ақбасты ақсақалдың Жұлдызжанға дүрсе қоя беруі арқылы суреттеледі.

Ақбасты ақсақал жазушының: “Білем, білем... кімдердің жібергенін... Ештеңе білмейтін аңқау қазақты тапқан екенсің! Солар ғой, сені әдейі жіберіп отырған... Көзі тірісінде де тұртпектеп маза бермеп еді, өлгеннен соң да тыныш жатқызар емес!.. Енді қойса болар еді ғой!.. Селкілдеп-қалтылдап жүрсе де, жан-жағына зәр шашуын тияр емес... Әй, сен бала, оларға ілеспе! Айтағына еріп, айдауына жүрме! Олар бүлінген, бұзылған, кірленген адамдар... Ар-иман жоқ, сені де бір күні боққа батырады! Сондықтан ондай иттерден аулақ жүр!..

– Олар кімдер? – деген сауалдың аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды.

– Бәсе, олар кімдер? – Ақсақалдың әжімді жүзі одан сайын сұрланып, көзі ақшып кетті. Қолы дір-дір

етеді. – Түк білмей қалуын қарашы-ей, мұның! Шық бұл жерден, жоғалт көзінді! Ана айтақшыларына айта бар, мен енді оларға қарсы жаңа шабуыл бастаймын. Ажалдарынан бұрын өлтіріп, көздеріне көк шыбын үймелетемін! Әй, сен бала, естіп тұрсың ба, солай айт, айта бар ана қаусаған қара бүлдіргілерге... – деді түкірігі шашырап.

Жұлдызжанның зәресі ұшып кетті. Ештеңенің байыбына бара алмаса да, орнынан атып тұрып, шығар есікке қарай тұра жүгірді. Шығып бара жатып та:

– Иә, солар ғой, бұл сүмелекті жіберген, көрлерінде өкіргір иттің балалары... – деген сөздерді құлағы шалып қалды.”

Иә, қаламгерді “Зор қылатын да, қор қылатында” өз ортасы деген ауыр ойға батасың.

Марқұмжазушының махаббат машақаты, отбасылық құпиясының ашылуы әңгімеде екі рет Жұлдызжанның аузымен сөз етіледі. Махаббат машақаты – әлеуметтік және психологиялық кедергілерді еңсеруден тұрады. Бірақ, жазушы оның еңсерілуін емес, оқырмандар арасында қаққа жарылған пікір тудыруын мақсат етеді. Құпия жария етіледі де, оның өз шешімін табуы белгісіз кейінгі кезеңге шегеріледі де, естушілердің оған қатысты сезімдік-психологиялық эмоцияларын басты орынға шығарады.

“Бәрін болмаса да, шет-жағалап білемін. Бұл кісінің тағы бір көңілде келіншегі болған ғой! Содан да бір ұлы бар екенін білетін шығарсыз?”

– Жоқ, ондай әңгіме естіген емеспін!

– Қалайша?! Сіз осы мұражайдың қызметкері емессіз бе?

– Бұл өсек-аяң жинайтын орын емес.

– Мұражай бір жағынан ғылыми орталық қой!

– Ғылыми орталық екені рас. Бірақ ондай ұсақ-түйекке бола бас қатырмаймыз!

– Ол ұсақ-түйек емес қой, жазушы өмірінің ажырамас бір бөлшегі, талайлы тағдыры емес пе?! Одан неге қашқақтайсыздар?

– Дәлеліңіз бар ма, өзі?

– Бар. Тіпті ол әйелдің кім екенін де жақсы білемін. Керек болса ұлын да танимын, ағамыздың атына жазылған. Оны мен ғана емес, біздің ауылдың бәрі біледі. Сіздер қалай білмейсіздер?!

– Сіз өзі қызық адам екенсіз! Бұл жазушының абырой-беделіне көлеңке түсіру үшін кейбіреулердің әдейі ойдан шығарып алып жүрген өсек-аяны. Сіз оған сене бермеңіз!

– Бұдан жазушының абырой-беделіне қандай көлеңке түспек? Ата-бабаларымыз үш-төрт әйел алған ғой!

– Бұрын болса болған шығар. Қазір ондай жоқ қой!

– Неге, қазір де тоқал алып, жырғап жатқандар жетерлік. Сіз көрмей жүр екенсіз!

– Сіз өзі бұнда не үшін келдіңіз? – деді қыз түсін суытыңқырап.

– Мұражайды көру үшін.”

Адюльтерлік (көзге шөп салу) сюжеттер бір жағы көзіміз үйренген мың бір түндік мотивтерге



бірде ұқсаса, бірде одан алшақтай түскендігі де байқалып тұрады. Яғни, “өмірлік” жағдаят пен әдеби сюжеттердің арасындағы қарым-қатынас әрқилы ұғынылып келеді, біреулер – оларды тендестірсе, біреулер бөлектей көрсетуге бейім. Ю.М.Лотман бұл жайында: «сюжет представляет собой мощное средство осмысления жизни. <...> Создавая сюжетные тексты, человек научился различать сюжеты в жизни и, таким образом, истолковывать себе эту жизнь» деген байыпты ой айтады.

Әдетте құпияны әшкерелеуші сый-сияпатқа бөленсе, біздің әңгімемізде әуелі мұражай қызметкері Айжан қыздан сөз естиді.

Ақ басты қаламгердің алдына барған шақта Жұлдызжан «сұрасам ба, сұрамасам ба екен» деген екіұштылау оймен сәл кідіріп қалды да, «шешінген судан тайынбастың» күйін кешіп:

– Жазушының заңды екі баласынан басқа тағы бір ұлы бар дейді ғой. Сол рас па? – деп қойып қалды.

– Саған оның не қажеті бар? – Ақсақалдың қас-қабағы түйіліп, түсі бұзылып кетті. – Мен ондай қитұрқы сұрақтарға жауап бермеймін! Сен өзі журналист емессің бе?

– Жоқ, студентпін!

– Сені мұнда кім жіберді?

– Ешкім...” Ары қарай не болғанын бәріміз білеміз. Ақсақал аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, шәт-шәлекей күйге түседі. Бұл эпизод арқылы автор қаламгердің өмірін зерттеуде оның теріскейімен қоса, күнгейін де ашып жазуға тиісті екенімізді ұқтырады. Және ашылып жазылмайтын нәрсенің тарихи жағынан болашақ ұрпақ үшін керектігін өз көзқарасы тұрғысынан білдіруді құп көреді.

Думан мистикамен өрілген мелодрамалық формула арқылы зұлымдыққа толы алаш әлемінің, ата-баба салтын ұстанушы моралдық қағидатын алға тарта отырып, ұлтымызға тән отбасылық құндылықтардың қызғыштай қорғалуын алға шығарады. Оны қызғыштай қорушы Айжан мен ақбас ақсақал. Автор ұстанымы мен Жұлдызжан көзқарасы оларға кереғар.

Бөгде тіршілік иесінің іс-әрекетін алға тартуды автор мұражайдан шыққан Жұлдызжанның жұмбақ жолығысуына арқау етеді. Жанның басқаға қонуы ықтималдығын бас қаһарманның ішкі монологы арқылы береді. “Ақсақал неге сонша ашуланды екен? – деп ойлады. – Олар кімдер, кімдерді меңзеп отыр? Әй, кім болса, ол болсын, менің қандай қатысым бар? Ата сақалы аузына түскен адам, жазушы деген дардай аты тағы бар. Соншама кәрін төккені несі?! Менің не жазығым бар? Оларды танымақ түгіл, кім екендерін де білмеймін ғой! Мұнысы несі екен, ә?! Жазушы боламын деймін, мынандай болса, жазушы болу да оңай емес қой! Бірін-бірі көре алмай, бір-бірінің жағасына жармасып, етегінен тартып, айтысып-тартысып жатады деп естуші едім. Сол шын болғаны ма?! Әйтпесе, жоқ жерден жау іздеп не керек? Сонда мен жазушы болуды не үшін армандадым?! Осы үшін бе? Жо... жоқ!.. Мен бәрібір жазушы боламын! Алған

бетімнен қайтпаймын, бағытымнан айнымаймын! Мұндай дау-шарларға мүлде араласпаймын, жазумен ғана айналысамын! Түптің-түбінде ұлы жазушы болып, мақсатыма жетемін!”. Осы ойды оның тылсымды ғайыптан жолығысудың аяғы бөгде тіршілік иесінің өліміне ұласып отырады. Иә, кептер кейпіндегі жазушы бәйбішесі неге Жұлдызжанмен жолықты, неге жылады, неге басына саңғыды, осының бәрі түрлі ойға жетелейді.

“Төңірек тып-тыныш. Жанға жайлы салқын самал еседі. Маңайда қыбыр еткен пенде жоқ. Көк кептерлер ғана ұшып-қонып жүр. Кенет бір ақ көгершін ұшып келіп, қарсы алдына қонды да, айналшықтай берді. Шегір көзінің сұғын қадап, ішіп-жеп барады. Қанатын қағып-қағып, мойнын созып-созып қояды. Гуугууг етіп гүлдейді. Бірдеңе айтқысы келетін сияқты. Бірақ Жұлдызжан құстың тілін қайдан ұқсын?! Аузын ашып, көзін жұма берді. Ақ көгершіннің ештеңеге қарайлайтын түрі жоқ, өңменінен өтердей сұқтана қарайды. Кенет көзіне көзі түсіп кетті. Қас-қағым сәтте қарсы алдында әйел бейнесі елес берді. Қолаң шашын жайып жіберген, ашаң жүзінен нұр төгіліп, тал бойынан шуақ шашырайды.

– Сіз кімсіз? – деді бұл сасқалақтап.

Ақмаңдайлы ару тіл қатар емес. Жауаптың орнына өткір жанарынан отты жалын жарқ ете қалғандай болды. Жұлдызжан көзін тас жұмып, алақанымен бетін бүркей берді. Бірақ бәлендей оқыс ештеңе бола қойған жоқ. Жасқаншақтай көзін қайта ашты. Әйел ұшты-күйлі жоқ. Ақ көгершін жаутандай қарап әлі тұр. Кенет секіріп орындыққа шықты. Онда да тұрақтай алмай, қолына кеп қонды. Тыпыршып тыныш тұра алар емес. Жұлдызжан да жатсынбай көгершіннің жотасынан жаймен сипалады. Сол жақ қанаты сәл майырылып қалыпты. Үсті-басы жып-жылтыр, жып-жылмағай. Әсіресе мойын тұсы қызылқоңыр түске боялып, күн көзіне шағылыса жалт-жұлт етеді. Қимыл-қозғалысы сондай ширақ. Бір кезде қанатын қаға секіріп, иығына қонды. Қайта-қайта мойнын соза қарап қояды.”

Иә, қазіргі қаламгерлеріміз қолданып жүрген әдеби формуланы алаш мәдениеті өзінің бағзыдан қалыптасқан ұғым-түсініктері, белгілі бір образдары, символдары мен мифтері арқылы қалыптастырып қойған. Ұлттық әдебиеттің дамуы барысында олардың бірі ескіріп, бірі жаңғырып, бірі жаңарып жатады. Осындай мифтік формулардың өрімделуі қазіргі қазақ әңгімелерінің қозғаушы күшіне айналып үлгерді. Бұл мәдени эволюция қазақ постмодернизміне тың серпін беріп, жаңашыл туындылардың өмірге келуіне түрткі болды.

Думан Рамазандай қаламгерлер шығармашылық ізденістері нәтижесінде дағдылы әдеби формулаларды “мәдени екшеу” арқылы өздерінің мистикалық реализмдерінің аясын кеңейте түсуге қол жеткізді. Осындай талғампаздықпен мәдени екшеу жасау кейбір жазушыларды әдеби даңққа бөлеп жүр. Кітаптың (бұл арада әңгіменің – Ә.Ә.Ә.) өз оқырманын табуы да осындай ұлт жадысындағы ескіні жаңғырта білуінен



тұрады. Біз “Жан” әңгімесін заманалық әңгімеге жатқызақ та, оның мәтіні бойында бүкіл алаштың мифтік түсінік-танымы орын алғанын жоққа шығара алмаймыз. Қазақтың түс көруі, көзіне әлдененің елестеуі ұлттық нақышта беріліп отыратын бұл шығарма өзінің автор тарапынан алға қойған діндеген әдеби мақсатына жете алған.

Онейрикалық (гр. oneiros түс көру) кеңістігі: оған: түс түрлері, аян беру, елестеу және т.б. жатады да, олар микросюжет түрінде қазіргі прозашыларымыз әңгімелерінде молынан ұшырасып жүр. Думанның онейрикалық кеңістіктігі Жұлдызжанның көзіне өткеннің оқиғаларының елестеп отыруы шығарманың үзікті эпизодтарына бөлшектеніп беріледі. Сонда жазушының жаны Жұлдызжанға қонған ба деген ойға қаласың, иә, ол өзін осы үйде көптен тұрған қожайындай сезіп жүреді. Белгілі жазушымен көзі тірісінде аралас-құралас болғандар ғана білетін жайт оған елес түрінде жаңғыра көрініс беріп отырады.

Мұражай қызметкері сұлу қыз Айжанның алғашқы таныстыруы: “Кенет ас үстеліне зер сала қарай беріп еді, көз алдына оны жағалай жайғасқан жазушының жанұясы елестеп кетті. Өзі, жұбайы, ұлы мен қызы емен-жарқын шүйіркелесіп отыр. Бұл көрініс жарқ-жүрктен найзағайдың жарқылынан пайда болғандай қас-қағым сәтте елес берді де, жоқ болды. Жұлдызжан не болғанын өзі де түсіне алмады, бірақ ештеңе сездіргісі келмеді.

– Сіз ештеңе байқаған жоқсыз ба? – деді қызға сынай қарап.

Жоқ, – деді ол таңданған пішінмен. – Нені?”

Жұлдызжан не болғанын бірден ұғынбайды. Ал, автор оның жауабын бізге әңгіменің экспозициясында беріп кеткен болатын. Етегі қанамаған әйелдің аяқ астынан бала көтеруі арқылы.

Тағы да көзге елестеу эпизоды ұшырасады.

“...жазушының кабинеті, – деді бойжеткен екінші бөлмеге кіре бере, – Анау – жазу үстелі, үстіндегі қағаз-қарындашына дейін көзі тірісінде өзі тұтынған заттар.

Кенет тағы да қаламгердің жазу жазып отырған айшықты сәті елес берді. Қауырсын қанат қаламын ақ парактың бетіне асығыс-үсігіс сүйкеп жатыр. Бұны елес деп те айтуға болмас, кәдімгі күнде көріп жүрген жұмыр басты пенденің тірі бейнесін анық көрді.

– Сіз... сіз... – деп келе жатыр еді, лезде көзден ғайып болды.

– Кешіріңіз, кімге сөйлеп тұрсыз? – деді қыз үрпие қарап.

– Мен... мен... – Не айтарын білмей тұтыға берді. – Мен...”

Автор осы көзге елестеу оқиғалары арқылы жазушының өткен өмірін бізге танытуды мақсат тұтады. Бұндай елестеу Жұлдызжан аралаған барша бөлмелерде кезінде орын алған оқиғаларды, сыртта өскен терек түбінде болған гаражды Жұлдызжанға елестеу арқылы жария етіп отырады.

Адам жанының не балаға – жазушы, не құсқа – оның әйелі қонуын автор бабаларымыз кезінде

ұстанған түрлі дәстүрлі діни түсініктердің тоғысуы арқылы бермек болғаны, мұсылман ретінде жаға ұстарлық жайт болса да құптаймыз. Осы өзгеге жан болып қонған ерлі-зайыптылардың өзара кездесуіне тоқталайық.

Ақ көгершін бәріміз үшін адамзатқа ортақ бейбітшілік символы ғана, ал, Думан Рамазан оның тылсымдық тек алаш болып жарылып, қазақ болып туған жан ғана ұғынатын жанның басқаға қонуының символы екенін ұқтырады. Автор үшін – ақ көгершін ұлттық сезім, құндылық, идеялық кешенді айқара таныту.

“Жұлдызжан жаңағы көріністің әсерінен арыла алмай, мең-зең күйде мәңгіріп отырып, тағы да ой теңізіне шомып кетті: «Бүгін маған не болды өзі?! Көзіме не көрінді?! Адам ба, әлде жын-шайтан ба? Бұл неғылған ару? Өзі сондай сұлу екен! Перінің қызы емес пе?! Жазушының әйеліне ұқсайды екен? Әй, тұра тұр... енді есіме түсті. Бұл шынымен сол ағамның үйіндегі жеңгей ғой! Бірге түскен суреттерін талай көргенмін. Иә, бұл сол, жазушының бәйбішесі. Ол менің көзіме не үшін көрінді? Мұнда қандай құпия-сыр бар? Әлде мені шынымен жын-шайтандар иектеп алғаны ма?! Бұл бір сәтсіз күн болды-ау! Мына көгершінге не жоқ?! Иығыма шығып алып, тайрандап тұрғанын қарашы! Тап бір менің асыранды тотықұсым сияқты, қорку, үрку, жатсыну жоқ. Әй, бірақ, мен білсем, бұл тегін көгершін емес. Бойынан біртүрлі бір жылылықты сезініп тұрмын. Көзінде көп сыр бар-ау!.. Қасиетіннен айналайын, адалдықтың ақ періштесі, не айтқын келіп тұр, сарнашы бір көсіліп. Тыңдайын бір зейін қойып. Айтшы, кәне, не дейсің?”

Ол назарын көгершінге қайта аударды. О тоба, құстың көзі жасаурап тұр. Ойланып та үлгермей жатып, көгершінің мөлт-мөлт еткен жанарынан бір тамшы жас үзіліп түсті. Тағы бір тамшы... Жанары жасқа толып кетті. Мөп-мөлдір мойыншақтар бірін-бірі қуалай, сынаптай сырғып барады.

Жұлдызжан құстың жылағанын алғаш рет көрді. Бірақ оған таңданып, таңдай қаға қойған жоқ. Өйткені ол да бір бойында жан, тамырында қан бар тіршілік иесі ғой. Оның да адам секілді жүрегі, бауыры, бүйрегі бар. Сөз жоқ, жаны қиналады, жүрегі сыздайды, бауыры езіледі, бүйрегі бүлкілдейді”. “Неге көгершін жылады?” деген сауалға кейіпкермен бірге жауап іздейміз, әрі табамыз. Өйткені, қазақ ұғымында әр нәрсені Құдай жұп қылып жаратқан, тек бір Жаратушы ғана жалғыз.

Кептердің Жұлдызжанның әуелі қасына келіп қонуы, кейін басына қону әрекеті бәрісі-бәрі бұрынғы жарының қазіргі кейпіне тояттау, өзінің адам кейпіне енбегені үшін долданып жылау, әрі артынан бұрынғы байының көзі тірісінде өзіне жасаған опасыздығы үшін басына саңғуы оның долылығын сездіреді. Әрі, “бақыр басты еркекті алтын басты әйел құрметтеу керек” деген бағзы түсінік қылаң беріп, еркекті бағаламаған әйелдің оңбайтындығын ұқтыратын ажалды ақыр туындап, кешірім сұрау үшін Жұлдызжан отырған автобустан



қалыспай ұшқан ақ көгершін кейіпкердің көз алдында өлім құшады.

Көгершінің екі түрлі типпен символдануы үлкен мәнге ие, жерден көтеріліп ұшып бара жатқан бейбітшілік көгершіні қазақ үшін Алла жаратқан мақлұқтың жасайтын көп қимылдарының бірін еске салады. Бар болғаны сол: ал, жанның кеудеден құс болып ұшуы әр қазақтың жүрегін зырқ еткізер тылсымды да, жұмбақ сәт. Думан осының соңғысына акцент түсіріп, ұлттық дүниетанымдағы авторлық концепцияға айналдырып отырған жайы бар.

Осы мақалада біз қолданып отырған формулалық кадам жазушыларымыздың әңгіме жанрындағы мифті-символикалық әдістерді қолдануын тәпсірлеу болып табылады. Біз осы бір жүйеге түскен формулалық арқылы қаламгерлеріміздің өз оқырмандарына нені жазып, нені айтып жеткізбек болғанын ойша байқастай аламыз. Думанда дәстүрлі көзге жынның елестеуі аяулы бейненің елестеуімен алмастырылған.

Адам тым бағзыдан миф туындыгері болып табылады. Қазір бұл бақыт тек қаламгерлердің еншісіне бұйырып, біз тек мәдени мифті тұтынушыға айналып үлгердік. Біз саналы тіршілік иесі ретінде өмір бойы тіршіліктің мәнін іздеп өтеміз. Міне, Думан Рамазан тіршіліктің мәні – өткеніңнен қорытынды шығарып, содан сабақ алу керектігін Ақ көгершін символдық персонажы арқылы ұқтырады. Араға өзге әйел кіріскен соң, жазушының бұрынғы шадыман өмірінен мән кеткенін бізге көгершінің ащы жасы ұқтырады.

“...Көгершінің көзінен пора-пора жас парлап тұр. Екі-үш тамшы жас алақанына тамды. Жайлап жалап көріп еді, дәмі ащы. «Құстың да жасы ащы болады екен-ау! – деп ойлады. – Көзінен сорасын ағызып, немене егіліп тұр?! Осыған не жетпейді екен?! Әй, бірақ құс екеш құстың да біз біле бермейтін өз өмірі, тағдыр-талайы болады ғой! Қайғы жамылып, қасірет аркалап жүр ме екен?! Сыңарынан айырылды ма, жоқ әлде бауыр еті – балапандарын жоғалтты ма?! Кім білсін! Әйтеуір, бір мұң бар-ау! Бұлардың да бірге туған ет-жақындары болады емес пе?! Әлде басына бір іс түсіп жүр ме екен?! Ой, өзі мен не қиялдап кеттім? Егер осы ойымды біреу-міреу оқып қойса, артын ашып күлер еді-ау!.. Әсіресе қу тілді Қуан білмей-ақ қойсын! Ол естісе, бүкіл елге жайып, масқарамды шығарады-ау!.. Неге екенін білмеймін, сол-ақ мені аңдиды да жүреді. Әй, қойшы соны, ит те болса досым ғой!..»

Ақ көгершін секіріп басына шықты. Төбе-құйқасы шымырлап қоя берді. Бірақ, мысқалдай да ауырлығы білінер емес. Тек қозғалған сайын тырнақтары батыңқырап, жыбырлатып әкетіп барады. Жанынан қиыс өтіп бара жатқан бір аққұба қыз бұған қарап мырс етіп күліп жіберді. Бұл да жылы жымып, көзін қысып қалды. «Сасқан үйрек артымен жүзеді» демекші, не үшін көз қысқанын өзі де анық ажыратып жатпады. Қысылыңқырап қалған бойжеткен жүзін жылдам бұрып әкетті де, ләм-мим деп тіл қатпастан, аяғын асыға басып, жөніне жөней берді.

Кенет төбесі суланып кеткендей болды. Ол құстың

басына саңғып жібергенін сезді де, қолымен қаттырақ қағып жіберіп, орнынан атып тұрды. Көгершін анандай жерге ұшып барып топ ете түсті. Жалма-жан қалтасынан қол орамалын суырып алып, төбесін сүрте бастады. Алғашында ашуға мінсе де, артынша-ақ балаша қуанды: «Құстың төбене саңғығанын жақсы ырымға балап жатушы еді ғой көнекөз қариялар. «Басыңа бақ қонып, дәулетің артады, ырыс-құттың молаяды» демеуші ме еді! Бұл жақсылықтың нышаны шығар?! Құдай бірдене берер! Мүмкін, аяқ астынан байып кетермін! Әй, бірақ кім біледі?! Қой, құр босқа қиялдай бергенше, жағатқанама барып, ертеңгі сабаққа дайындалайын. Тездетіп барып жуынып алмасам болмас, қуаяқ Қуан басымдағы боқты көрсе, өмір бойы аузынан тастамай жыр ғып айтып жүрер! Ой, құрысын!..»

Ол ілби басып, аялдамаға қарай аяндады. Жан-жағына көз тастап қояды. Адам аяғы аз, көше бойлап ағылған машиналар зу-зу етіп, зуылдап өтіп жатыр. Аялдамаға келіп, бос тұрған орындыққа отыра бергені сол еді, ақ көгершін секеңдеп жанына жетіп келді: «Әй, мынау менің артымнан қуып келген бе?!» – деп таңтамаша қалды. Әй-шай жоқ, қайтадан қолына келіп қонды”.

Осы елесте қиялдаудың арқасында алаштың мифологиялық ойлау машығы қалыптасты. Соны автор бізге көгершін кейпінде қайтадан қайыра оралтып отыр. Біздің ұйқыдағы санамызды құстың ащы жасы мен саңғыған саңғырығы сілікілеп оятқандай болады. Өйткені, алаш мифологиясы бізге Жаратқан үстемдік құрған өзге әлемнің барлығын сездіреді. Бұл құс сол әлемнен өзіне жолығысар жол таппаған сыңарын іздеген бейбақтай көрініп кетеді. Ол сыңарын тапты. Бірақ өзі ажал құшып қайыра жоғалтты.

Барлық бұл пәнидегі тірлік – тек сүреңсіз көлеңке ғана, тек өлімнен кейін ғана адам өзінің өмірлік мұратын жүзеге асыра алатын сияқты. Ерінен кешірім өтінген әйелдің оның жаны қонған жанға арзуын айтпақ болғанынан бір ұғынатынымыз – Думан үшін де, оның аталған әңгімесін оқып отырған біз үшін де өліп-тірілу туралы миф қиял емес өңімізде болатын оқиғалардың бірі деген түсініктің қалыптасуы.

Жаһандану дәуірінде алаштық кептер символы арқылы ұмыт болған ұлттық мифті қайыра оралтқан әңгіме сюжеті талайлы тағдырымыздың бір Жаратқанның қолында екендігін білгізеді. Өлілер мен тірілер әлемі арасындағы параллель бізге қаламгер шеберлігі арқылы өз қақпасын ашады. Дағдылы өміріміз тылсымды әлеммен орын алмастырып, өлілер әлеміне қалай аяқ басқанымызды аңдамай қаламыз.

Шынайы өнер туындысын жолықтыру дегеніміз – шынайы мистикалық кездесу, ол астар мәтін арқылы өзгелердің қателігін қайталамай “Өміріңді өзгерт” деп сыбырлағандай болады.

В.Шкловскийше ой толғасақ, қазақ прозашылары бәрін есте сақтаушы мың-мың жылдық тарихы бар мұрағатпен жұмыс істейді. Осы жұмыс істеу барысында әдебиет пен мәдениет арасындағы шығу



тегі бағзыдан тамыр тартатын әдеби жады жаңғырып, бір-бірінен алшақ және кіндіктес сюжеттер дәстүрлік аяда тоғысуға түседі.

Қазіргі қазақ әдебиетінің сюжеттік репертуары біздің қоғамымызда орын алып жатқан әдеби, қоғамдық және тарихи процестерге тікелей байланысты. Көркем мазмұн шығармашылыққа дейін өмір сүрмейді, қайта керісінше қаламгердің өзі жинақтаған, ойға алған материалды өңдеуі барысында көркем форма ретінде туындайды. Өйткені, ең бастысы, біріншілікке бұл арада қазақ әдебиетіндегі көркем мазмұны емес, өнерге еш қатысы жоқ ұлттық материал қазақтың жын-шайтанға, тылсым күштерге қатысты көзқарасын пайдалану тұрады.

Думан ұлттық материал қазақтың жын-шайтанға, тылсым күштерге қатысты көзқарасын өмірлік материал ретінде посмодерндік аңыста игеріп, мистикалық реализм шартына сай өңдеп, ақыр аяғында өзінің қаламгерлік шеберлігі арқасында жаңа мазмұндағы қазақ әңгімесін өмірге әкеліп отыр. Ал, осы жазушы қаламынан шыққан әңгіменің ішінде бірінші орында көркем мазмұн емес, қайта оны өмірге әкелуші көркем форма тұрады. Сонымен, біз сөз еткен әңгімедегі өнер мен прозаның мәні қаламгердің алаштық дүниетанымдық материалды шығармашылықпен еңсеруі. Осы еңсеру барысында көгершінің ұлт жадындағы мұсылман дініне дейінгі поэтикалық образы жаңғырып, автор тарапынан поэтикалық ойға ие бола түседі.

Ең бірінші Думан автор ретінде мұсылман дініне дейінгі ұлттық дүниетаныммен бетпе бет келіп, өзіндік көзқарасы мен позициясы тұрғысынан адам жанының кеудеден ұшып шығуы туралы көне түркілік мифті өз әңгімесіне өзек етуді ойға алады. Қаламгердің ойға алуы, әрі авторлық идеясы дегеніміз – әлі мінсіз түзілген көркем форма емес. Көркем мазмұн тек қаламгердің өз ойға алғанын сөзбен әрлеп, шығармашылықпен жүзеге асырғанда ғана өмірге келеді. Осы шығармашылық еңбек қазақ діни түсінігіне жаңа форма мен өзіндік үн сыйлап, туындыгермен өзіндік сұхбаттастық түзеді. Өмір формасы Думанға ғана тән көркем шығармашылық формасын иеленеді. Әңгіме тұтас күйінде автор санасының айшықтануы болып табылады. Қаламгер өзінің шығармашылық актісі үстінде тек қана өз үнін танытпайды, ұлттық сананың ғасырдан ғасырға ұласқан бүкіл тәжірибесі мен амалытын, әрі үндесе сұхбаттасқан тұтас өз буынының жанайқайы мен сырлы сөзін сыртқа лықсытады.

Мистикалық әуеде оқырман үшін кей тұсы өте бұлдырлау жазылғанымен “Жан” әңгімесінде тек қаламгерге қатысты мынау жалған дүние туралы белгілі бір тұтастық пен мәнділікке ие ой айшығы бұғып, реалды өмірге қатысты өз бағалау жасауының ұшығы сезіліп тұрады. Жазушының өлімнен кейінгі өмір туралы түсінігін мына бір жолды оқыған сәтте байқастаймыз:

“Ақ көгершін ағылған көліктердің астында мыжылып қала берді. Ол тек шар сияқты дөңгеленген

көкшіл жалынның көкке көтеріліп бара жатқанын байқап қалды”.

Абриль Де Виверо (Abril De Vivero) Хавьер (1905-1990) атты француз сюрреалистерімен тығыз қарым-қатынаста болған перу ақыны, әрі әдебиет сыншысы бар. Соның кечуа үндістерінің қазақтың шыбын жанымен үндес жанның кеудені «көкбас шыбын» болып ұшып кетеді деген түсінігін өлең жолына ілкіртуі бар. Француз сюрреалистерінің көсемі Бретон оның поэзиясы турасында: «Люблю эту голубую муху, что летит в небе в час, когда поют звезды» деген болатын. Думанның кептерінің өлімі ойды одан асырып беріп тұрғандығында дау жоқ.

Шошына селк етіп, жұдырықтай жүрегі дүрсілдеп, “Біссімиллә, біссімилләсын!” іштей күбірлеп айтып, көзін жұмған Жұлдызжанның өлім табы таңбаланған құдай болып қуарған жүзі көз алдымыздан кетпей, бас кейіпкермен қоса бізде “Құдайым сақтай гөр!.. Құдайым сақтай гөр!..” демеске шарамыз қалмайды. Трагедиялық пафос өмірден кейінгі өмірдің барлығын аңдатады. Қандай, ол өмір мұсылман түсінігіндегі ме, әлде бабаларымыз үндіге сыйлап кеткен Буддизм түсінігіндегі ме!? Осы бір мазасыз ой финалдық шешімі жоқ туындының бірінің қазақ әдебиетінде өмірге келгенін, бірақ, жазушы үшін туындыны түйіндеп, кесімді сөзді әр оқырман әр түрлі сөз ететін даулы пікірдің ұрығын шашып кетеді. Бізде сол автобустың артқы орындығына сылқ етіп отыра кеткен Жұлдызжанның әрі-сәрі күйін кешіп, мазасыз ойлардың тұтқынында қалып, қағаздан басымызды көтереміз де, үйіміздегі диванға сылқ етіп отыра кетеміз. Әрі басымызды қаламгердің екінші бір әңгімесі дал қылған қосарәлемнің тереңіне еніп кеткендігімізді аңғармай қаламыз.

2. «ЖЫН» ӘҢГІМЕСІ

Бәшери ғылымның (гуманитарлық) қарастыратын аясы хаттың қайыра жаңғыратын мәтіндемелік кеңістігінің шегімен анықталады. 1990 жылдардың аяғына дейін қазақ әдеби кеңістігіне желілік қағидаты үстемдік етті. Батыстық және коммунистік құндылықтарға құрылған “әлемдік кітапхана” ресми қызыл билік құп көрген өнер иелерінің құзырында болды. Осы батыстық марксистік идеялық қағидатты қазір алды 50, арты 40-тағы сөз зергерлері бұзды. Миллетшілдіктен ада мәтіндемелік табиғатының көрініс табуына бағытталған әңгімелеу бәшери хаттың нарративтігін жалаңаштап, қаламгер мен оқырманды батыстық ойлардың жетегіне кетуге мәжбүрлейді.

Әлем дегеніміз – сөз. Осы сөзді ұлты үшін өмірге әкелушілер – жартықұдай, яғни тәңіршелер. Ақындыққа әр қазақтың таласы бар. Прозаға ниет еткендер көбіне ақындықтың айдынынан қайраңға шығып қалғандардай көрініп кетеді. Шынымен солай ма!?

Бізде бұны әдеби ауытқуға баласа, Батыста бұған керісінше, дәстүрлі ақындықтан алшақтап, жаңа бағыт



пен ағымның жетегінде кетуді жатқызады. Қазақ прозасының адам танымастай өзгеріп, түркі әлеміне өнеге болуды үрдіске айналдыруы бәрімізді қуантады. Және әлемдік деңгейдегі туындылардың өмірге келіп, бұрынғы буын табынған Кафканы қапқа қамағаны төбенді көкке жеткізеді. Қазақ прозасы өзінің шәкірттік кезеңін артқа тастап, өзгелер үйренер жаңа жосықтағы, соны аңыстағы шығармалар легін өмірге әкеле бастады. Бұл әсіресе, әңгіме жанрында мол орын алып отыр. Және осы жанрда дүйім жұртқа танылған, жадыларында хатталған барша прозашылардың өзіндік авторлық жетістіктері жетіп артылады. Солардың бәрін жіпке тізбесек те, Т.Кеңесбаевтың “Кәнден” әңгімесі, Т.Нұрмағанбетовтің “Кене” әңгімесі өкшесін басқан буынға зор серпін, тың серпіліс және шығармашылық буырқанған шабыт сыйлады.

Батыстың әдеби баяндауын үлгі тұту ұлттық баяндауды тәрк етеді. Ұлттық нарративтік құрылым тек қазақи әңгімелеу әлпетінде ғана дүниеге келеді. Өйткені, оның бойында алаштық поэтика мен риториканың заңдылықтары орныққан. Сондықтан жазушыларымыз батыс әлемі таңатын “Ұлы кітапхананың” шығалаңынан өздерінше жол іздейді.

Кеңестік дәуірден қалған көркем тілдік симплицизмге (жайдақтыққа) прозадағы асыра құштарлық еш опа әпермейді. Прозашыларымыздың білім көгжиегінің коммунистік мәнгүрттіктен арылуы көп ойлылықты өмірге әкелді. Бұл әдеби сын мен әдебиет теориясында балама түсіндірулерді, өзгеше ой жүгіртулерді тудырды. Р.Барт тәпсірлеудің сан алуандығын алға тартып, оның әрқайсысы өзінше дұрыс екендігін санамызға құйып кетті. Талдау еркіндігі арқасында көзге түспегендер көзге түсіп, аяланып, ардақталғандар сын садағына іліне береді.

Біз Думан Рамазаннан дәстүрлікті жиі байқасақ, Асқар Алтай мен Дидар Амантайдан бейдәстүрлікті жиі аңғарамыз. Бұл әдеби құбылыс бұрынғы әдеби әмбебаптықтың келмеске кеткендігін танытады. Әрі аталған жазушыларды түрлі ыңғайда тәпсірлеуге мүмкіндік береді. Бұны біз классиктеріміз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповке қатысты қолдана алмаймыз. Олардың басын әдеби әмбебаптық біріктірсе, Думан Рамазан, Асқар Алтай мен Дидар Амантайларды әдеби сан алуандық алшақтатады.

Думанда белгілі және ойдан шығарылған кейіпкерлердің өмірбаяндық әңгімеленуі бар, сонымен бірге әдеттен тыс әңгімелеу үрдісі де бар. Міне, осы әдеттен тыс әңгімелеу әлеміне аяқ басқан кезде реалист Думан Рамазан постмодернист жазушыға айналып құбылып шыға келеді.

Жазушының әңгіме тілімен түсіндіріп беруге болмайтынды түсіндіруге талпынысы құшпайтын дүниенді құшақтатқанмен бірдей тірлік. Думандағы постмодерндік түс түсіндіріп беруге болмайтынды түсіндіріп, оқырман ретінде құшпайтын дүниені қауыштыра құшқызып құшағына алғызуымен құнды.

Біздің “Жынды” талдауымыз қазіргі қазақ әдебиеттануындағы енді бой көтеріп келе жатқан

жаңашыл әдіснама бойынша авторлық мәтіндік концепцияның бойынан әлдебір ойға тұщынып, соны қайыра жазып шығу болып табылады. Ол үшін біз автордың ойлаған ойы және алға қойған мақсатын ескеріп, не айтпақ болғандығымен теориялық жақтан қабісуға тиіспіз. Қазір қазақ прозаиктері адамды ішкі шайтаны бар – жын-періге немесе ішкі шайтаны жоқ – періштеге айналдырып, өзіндік ұстанымдарын персондандырып жүр. “Жын” – осы бағытта жазылған үздік туындылардың бірі.

Осы жолдағы бар мақсат, авторлық ойды жұртқа түсінікті оқырман тіліне аударып шығудың өзіндік түсіндірме нұсқасын өмірге әкеліп, оның сансыз мол тәпсірлеуінің бір үлгісін ғана жария етіп отырмыз. Онымен келісетіндер де бар, мүлдем келіспейтіндер де бар.

Бұрынғы қазақ әңгімелері бір ғана желілі болып келіп, бір ғана талдаудың тоқпағына көнсе, қазіргі қазақ прозасын бір қазыққа байлап қойып, дағдылы әдіс пен сөз бәрін көтереді деп, ағыл-тегіл есіліп, кеңінен көсіле алмайтындығын өмірлік фактіге айналды. “Жын” сынды әңгімелер бір ғана талдаумен шектелмейді, тәпсірлеушісінің ұстанған көзқарасы мен тұтынған дүниетанымына байланысты сансыз талдаулар легін туғызады. Бұндай әңгімелер сонысымен құнды, әрі осынысымен бағалы.

Ұлттық сын мен милет оқырмандары осы оқиғаның орын алғандығына нық сенімділікпен автордың куәлік жасауы жағына қадам басқанда, ілеуде бір орын алатын, кейбір қандастарымыз зардап шегіп жүрген, кейбірі эзер құтылған қалыпты оқиғаға жолығысады. Бір қарағанда, сары басылымдарда жын-шайтан туралы бірін-бірі қайталап, жоқтан бар жасап дүркіндеп шығып жатқан, аяқталып болмайтын өзара тақырыптас әңгімелердің алып бара жатқан түгі жоқ сияқты көрінгенімен, егер де сөз өз иесін, тақырып өз жөнін тапқанда татымсыз дүниенің мәнденіп, поэтикалық арайланып шыға келетіні бар. Думан сары басылымдар жауыр қылған тақырыпты өзінше игеріп, кесек туынды тудырып отыр. Автордың осы тылсымды дүниені қарапайым ғана, бірақ, өзінің жазу мәнерімен тамаша мистикалық әңгімеге айналдыра білгендігінің шеберлігін адамилықпен мойындауға тиіспіз.

Жын-шайтан секілді сары әдебиеттің бауырына басқан тақырыбын ұлттық әдебиеттің айдынына әсем аққудай жүздіру оңай дүние емес. Әрі жұрттың бәріне белгілі біреулер өзі куә болған, біреулер жақындарынан естіген жайтты жазып отырсың. Достоевскийдің “Қылмыс пен жазасы” және Сәбит Мұқановтың “Адасқандарына” дейін қылмыс оқиғасы тек бұқаралық көпшілік қолды әдебиеттің игілігі болып келгені жасырын емес. Қос автор өзіндік позициясы тұрғысынан тамаша классикалық дүниені өмірге әкеле білгендігін әдебиет тарихынан жақсы білеміз. Міне, араға жылдар салып, Думан Рамазан ұлт әдебиетінде бұқаралық көпшілік қолды әдебиеттің жауыр болған тақырыбын жаңа қырынан таныта біліп отыр.

Думандағы түс көруді З.Фрейдше ғылымиласақ,



казакқы мәнерде әдебилендірсек, онда үш сатыдан тұратын түс көру – әуелі жасырын алмағайыптықтан: белгісіздік пен белгіліктің тұтасқан қоспасынан тұрады. Өң мен түс мидай араласып кетеді де, шындық пен қиялдың бірін-бірі алмастыруы орын алады. Ең соңынан оқырман санасына образданған ой қонақтайды. Думан қаламы фрейдтік психоанализді қаламгерлік поэтикалық тілге айналдырады. Нақтылай айтсақ, алмағайыптық – гиперболаға, алмастыру – метафора, метонимияға, ал, оқырман санасына образданған ой – аллегорияға айналады.

“Түн қараңғылығын жамылып, жалбыр шашты біреулер той жасап жатыр. Адамдарға ұқсамайды. Ергежейлілер елінен келген елшілер сияқты: бойлары бір-ақ тұтам. Өздерінше ән айтып, би билеп, той көрігін қыздыра түскен. Ортадағы лаулай жанған отты айнала қоршай, бақадай балпаң басып, серкедей секең қағып, секіріп жүр. Мәз-мәйрам. Қойша маңырап, қозыдай жамырап, ду-ду, гу-гу етеді. Үсті-бастарын түк басқан қыз кейпіндегі екі албасты Болатбекті қос қапталдай құшақтап алған, сиырша жаланып, кенеше жабыса түседі. Ол сытылып шықпақ боп, алға қарай ұмсынса, қасындағы қандықол қарақшы иығынан басып, тырп еткізер емес. Бір кезде сәл босанып, орнынан тұра бергені сол еді, сақал-шашы жалбыраған бадырақ көз біреуі бар дауысымен аузы-басын қисайта баж ете қалды.

– Аа... ааа!...”

«Жазушы әңгімесін неге жын араласқан фантостогрмониялықтан және түс көруден бастап отыр?» деген сынды заңды сұрақ алдымызды кескестейді. Қаламгер ұлт әдебиетінде алғашқылардың бірі болып ғылымда әлі сараланып, толық құпиясы ашылып бітпеген түс көру феноменін шығармашылықпен игеріп, ұлттық эстетика аясында оның мәнін ашуға талпыныс жасауда үш нәрсеге күш түсіреді: түс көрудің алмағайыптанып барып, қиял мен шындықтың бірін-бірі алмастыруы нәтижесінде алаштық дүниетанымға сәйкесімді оқырмандық образдың санамызда жандануы. Автор осыны сәтімен шығара алған. Қаламгер дерексіз нәрсені деректендіре алған. Шын мәнісінде, көбіміз жын-сайтанға сенбейміз. Ескінің сарқыншағы деп қарайтын батыстық дүниетанымның ұшпағы да санамызда қыландайды. Бірақ, жазушы өз әңгімесін тап осы түстен бастау арқылы бізге бұрын белгісізді нақтыландырып бере алған.

Көркем туындының кейіпкерлері ерікті, ал, нағыз сөз зергері өз кейіпкеріне бағынышты емес. Осындай жағдаят біз талдағалы отырған әңгімеде орын алады.

Жынынан арылу, немесе арылмау Болатбектің өз еркіндегі дүние, осыны автор қалай берген:

“– Не істесем екен, а?! – Қабырғасымен кеңескендей, ойлана терезе жаққа көз салды.

– Не істесем екені несі! Барамыз! Кеше өзін ғой, «барып-қайтайық» деген. Әйтпесе, бүгін... Көп сөзді қой! Жүр, жинал! Жаныңды алады дейсің бе, жолыңды ашып береді, – деді Еркін бастырмалатып.

– Жарайды, болмадың ғой! Жалпы осы емші,

молда, бақсы-балгер дегендерге сенбеуші ем. Мүмкін...

– Не мүмкін?

– Мүмкін, сенікі де дұрыс шығар!..

– Әрине, дұрыс!.. Мен саған жаманшылық ойлайды дейсің бе?!

– Білем ғой! Кеттік онда!..

Екеуі әңгімелесе жүріп сыртқа шықты. Дала қапырық, күн ми айналып жерге түсердей шыжып тұр”.

Жазушы неге қытымыр қысты емес, қапырық жазды алып отыр. Қыста жын жанымен қайғы болып кетсе, шыжыған ыстықта миыңды қағып қолыңа берері анық. Жазушы ұлттық архипсихологияны тамыршыдай тап басып отыр.

Әдебиет тарихында “Алиса ғажайыптар елінде” кітабының авторы Льюис Кэрролл өзінің жұртты дал қылған “Снаркке жасалған аңшылық” туындысы жайында: “Уақыт өткен сайын маған сыпайыгершілік аңыстағы “Снаркке жасалған аңшылық” аллегория ма, әлде жасырын мораль немесе саяси сатира бойына бұққан туынды ма деп сұрайды. Осындай сауалдардың баршасына өз басым “Ештеңені білмеймін” деген бір ғана жауап қатудамын” дегенін бәріміз білеміз. Думанның жынға жасалар аңшылықты беруі Батыстық әдебиетке көзі үйренген, оларды ауызға алмай сөйлесе ұрты күйетіндер үшін түрпідей көруі де мүмкін. Сонымен жынды қуу жорығының қалай өткеніне мәтін бойынша ой жүгіртейік:

“Молда оның қарсы алдына жүрелей отырды да:

– Аазу бил-лаһи минаш шай-та-нир-ражим,

Бис-мил-ла нир-рахма нир-рахим... – деп құран оқи бастады. Дауысы сондай әуезді, құлаққа жағымды естіледі. Мақам-ырғағы да жүрекке жылы тиеді. Ара-арасында мойнын созып, басын қақшита «сүф... сүф...» деп жыландай ысылдап, Болатбектің бетіне түшкіріп қояды.

Сүт пісірімдей уақыт өткен кезде тізесі онсыз да дірілдеп отырған Болатбек кескен теректей шалқасынан құлап түсті. Аузынан ақ көбік ағып, жан тапсырған адамдай қимылсыз қалды. Осы сәтті күтіп отырғандай молда қызылға түскен қырандай қомданып үстіне төне түсті. Оң қолымен оның мандайынан қапсыра ұстап, Құран оқуын жалғастыра берді. Бір кезде оқыс тоқтай қалып:

– Әй, малғұн, сөйле жаның барында! Әйтпесе, жаныңды жаһаннамға жіберемін. Қанша алып болсаң да, құраннан күшті емессің! – деді дауысын көтеріп. – Сөйле, малғұн!.. Сөйле дедім ғой!..

Молда сөйлеген сайын сұстанып, сұрланып барады. Қас-қабағы түйіліп, түндей түнеріп алған. Шоқтай жанған отты жанары жай оғындай жалын атып, ызғар шашады. Осы сәт болар-болмас, естілер-естілмес күрсінген дыбыс білініп:

– Неғыл дейсіз? – деген күбір естілді. Еркін жалт қарап еді, ұйықтап қалған досының аузы ояу адамша жыбырлап жатыр екен. Денесі ісіне бастаған сияқты. Киімінің ішін жел кеулеп кеткендей, көк көйлегі үрленген шар тәрізді тырсия томпайып барады. Бір



мезет Болатбектің екі иығы селкілдеп, денесі онды-солды қимылдай бастады. Тап бір билеп жатқан сияқты. Жаны тозақ отына күйдіріліп жатқандай «аh, уh... ah, уh...» деп қинала айғайлап қояды.

– Сөйле, малғұн! – деді молда зіркілдей.

– Не айтайын?! – Дауысы жер астынан шығып жатқандай, қыр-қыр етіп қырылдайды.

– Қайдан келдің?

– Қара түнектен. – Күшпен күшене сөйлейді.

– Атың кім?

– Сәма.

– Мұсылмансың ба, кәпірсің бе?

– Мұсылманмын.

– Реңің қандай?

– Қара.

– Әй, малғұн, кімді алдағың келеді. Кәпірсің ғой. Мұсылман жынның реңі сары болмай ма?! – деді молда долданып. – Енді өтірік айтсаң, өлтіріп жіберемін!

Жын үнсіз қалды. Молда дауысын мейлінше көтере құран оқи бастады. Бір кезде ыңырс ишқырған дауыс естілді де:

– Кешіріңіз, кешіріңіз! Енді өтірік айтпаймын! – деген жылаңқы дауыс құлаққа шалынды.

– Әп, бәлем, иманға келдің бе? Келмей қайда барасың! – деді молда сәл жымып. – Ұрғашы жынсың ба, еркек жынсың ба?

– Қатынбыз! – Құдды Болатбек сөйлеп жатқандай, ауызы жыбыр-жыбыр етеді. Бірақ дауыс ауыздан емес, көмекейдің ар жағынан шығатын сияқты. Анық емес, талып-талып естіледі. Әр сөзді сағызша созып, түсініксіздеу айтады. Сөйлеген сайын кеуде тұсы бүлк-бүлк етіп, бүлкілдеп қояды.

– Қатынбыз дейсің бе?

– Иә, қатынбыз.

– Нешеусіндер?

– Екеуміз.

– Ол неге сөйлемейді?

– Бұл өзі көп сөйлемейді. Қорқақ. Қорыққанынан тілі байланып қалған сияқты.

– Әй, сұры құрсын, сұрың құрғырдың!.. Бұл жігіттің бойына не мақсатпен кірдіңдер?

– Біз оны жақсы көреміз!

– Бағын байлап жүрген сендер екенсіңдер ғой!

– Біз бұны қатты қызғанамыз.

– Құдай-ау, кімнен?

– Қыздардан.

– Неге?

– Екеуміз де өлердей ғашықпыз!

– Әй, бұл жігіттің үйленіп, үйлі-баранды болуы керек қой!

– Бізді бұған некемізді қиып, занды түрде қосқан. Біз бұның некелі әйелдеріміз.

– Кім қосты?

– Олар!..

– Оларың кім?

– Өзіміздің ағайындар.

– Адамда нелерің бар-ей! Өздерің сияқты жындар жетпей қалды ма?!

– Жақсы көріп қалған соң қиын екен. Қызғаныштан-ақ өлетін болдық. Қыздарға жолап кетсе болды, көзін байлап, азғыра бастаймыз. Өзімізше дұғамызды оқып... Содан өзі-ақ кездескен қызына көңілі толмай, бір-ақ күнде айнып шыға келеді. Қысқасы, дәм-тұзы жараспай кетеді. Сөйтіп, өзімізше меншіктеп алғанбыз бұл жігітті. Кейде тіпті бір-бірімізден қызғанып, қырықпышақ боп қаламыз.

– Бұл жігіттің адам сияқты түтін түтетіп, бала сүйіп, ұрпақ өрбітуі керек қой!

– Өзіміз-ақ тән ләззатына батырып, құмарын қандырып, бала тауып береміз!

– Тәйт әрі, тарт тілінді. Екінші рет бұндай сөз айтсаң, желкенді жетеңнен қиямын, антұрған!..

– Біз..

– Болды, жетер, қысқарт сөзді!.. Одан да кәне, шығындар бұл жігіттің бойынан!.. Неге үндемейсіңдер?! Шығындар дедім ғой мен сендерге. Өз еріктеріңмен шығып кетіңдер кәне. Әйтпесе, жақсылық күтпендер! – деді молда аюдай ақырып. – Не шыққыларың келмей ме?! Онда өздерің біліңдер, оңбай қаласыңдар ғой, малғұндар!.. Өз обалдарың өздеріңе, көздеріңе көк шыбын үймелетемін!..

– Шыққанда қайда барамыз?!

– Меккеге барындар!

– Неге?

– Ол жақта мұсылмандар көп. Ислам дінін қабылдап, мұсылман боласындар! Мұсылмандыққа тез бейімделесіндер!

– Меккеде неміз бар, бұнда бәрі жақсы. Не керектің бәрі бар!.. Бізге бұл жігіттің денесінде өмір сүрген ұнайды. Біздің осында тұра бергіміз келеді, – Сылқ-сылқ етіп, сайқалдана сықылықтайды. Күлкісі сондай жағымсыз, құлаққа түрпідей тиеді.

– Көп сөзді қойып, шығындар! Адамның денесі жындар тұратын мекен емес! Сендерге денеді тұрақтауға болмайды! Егер шықпасаңдар, өлтіремін! Аямаймын!..

– Шығамыз, шықпай қайда барамыз!..”

Батыстың әдебиетінде Кафканы көкке көтереді. Ол өзі көзі тірісінде жариялануын құп көрмеген дүниелерін досы жариялап жіберді де, қаламынан шыққанының бәрі ғажайып дүниеге айналып шыға келді. Шынында солай ма!? Батыс пір тұтқан дүниелердің бәріне жапа тармағай бас салмай, қолайымызға қонымдысын екшеп алу керектігін Думанның осы әңгімесі танытады. Батыстың абсурдты әлемі мен алаштың абсурдты әлемін бір арбаға жеге алмайсың. Өйткені, батыс үшін фантастикалық Снарк бірде ақула (shark), енді бірде жылан (snake) болып, өздерін дал етсе, Думанның Жыны – әрі мұсылман, әрі кәпір жын. Оның сондай екенін бабаларымыз қалай қабылдаса, біз де солай қабылдаймыз. Бар мәселе жазылуы мен ұғынылуында. Фольклорланған жын мен әдебиленген жын екі басқа дүние. Думан бізге осы екі басқа дүниенің әдебиленген авторлық нұсқасын ұсынып отыр.

“– Шықпас бұрын Ислам дінін қабылдап, мұсылман боласындар! Ұқтыңдар ма? Мен сендерге соңғы



мүмкіндік беремін! Таңдандар!..

– Біз одан қорқамыз!

– Кімнен?

– Одан!.. Ол не бұйырса, біз соны істейміз!

– Әй, ол күшті ме, Алла күшті ме?

– Ол!..

– Сендер кәпірсіндер! Ібіліске қызмет етесіндер! Адамдарды азғырып, теріс жолға саласындар! Сайтандық пен сайқалдыққа жол ашып, күнәға белшелеріңнен батасындар! Бұл үшін кейін Алланың алдына барғанда есеп бересіндер! Алланың қаһарына ұшырайсындар! Алланың құдіреті бәрінен күшті. Одан да ақылға келіп, мұсылмандық жолды таңдандар! Аллаға құлшылық етіңдер!

Молданың жүзі көрленіп, тағы да дауыстап құран оқи бастап еді.

– Ой, ауырып кетті, ауырып кетті!.. Оқымаңызшы!.. Айтқаныңызды екі етпейміз! – деген жалынышты үн шықты.

– Әп, бәлем, қалай екен?! Ислам дінін қабылдап, мұсылман боласындар ма?

– Қабылдаймыз! Сіз үшін...

– Мен бар-жоғы Алланың құлы ғанамын, Алла үшін қабылда!

– Айтқаныңызға құлдық!

– Бұдан былай сенің есімің Зарлықыз, ал ана күндесіңдікі Үндемескүл болады, жарай ма?!

– Зарлықыз... Үндемескүл...

– Иә, тап солай! Ұмытпай, жаттап алыңдар!

– Жақсы!

– Зарлықыз...

– Ау?

Таң-тамаша болып, таңдай қағып отырған Еркін еріксіз езу тартып, күліп жіберді. Молдаға бір, Болатбекке бір көз салып, қайта-қайта басын шайқап қояды.

– Енді шығындар! – Молда бұйыра сөйледі.

– Қалай шығамыз?

– Қалай кірсеңдер, солай шығындар! Қалай кіріп едіңдер?

– Аузынан.

– Ендеше аузынан шығындар!

– Қалай кіргенімізді ұмытып қалыпшыз, қалай шығарымызды білмей тұрмыз!

– Ендеше естеріңе түсірейін, қу қаншықтар!..

Дауыстап құран оқи бастады, тағы да ыңырсиды бұққан дауыс естілді.

– Шығамыз, шығамыз!..

Молда тоқтала қалды да, дауысын барынша көтеріп:

– Шығындар тезірек! «Ассалаумағалейкум!» деңдер де, шығындар! – деді зірк-зірк етіп, – Бұдан былай адам баласын мазалаушы болмаңдар!

– Ассалаумағалейкум!..

Сол сәт молда өзінің әр қимылын қарауылша міз бақпай бағып отырған Еркінге қарап:

– Қазір шығады. Шығуға жиналып жатыр. Аузынан шығады. – деді жайбарақат кейіпте, – Жындар шығып кеткен кезде мына қасқаң да оянады.

Еркін көріп қалармын ба деген оймен Болатбектің аузына қадала қарай қалған. Ол өзі ештеңе сезбейтін сияқты. Пыс-пыс етіп, пысылдап ұйықтап жатыр. Алғашқыдай емес, қыбыр-жыбырсыз тыныштала қалған.

– Әне, шығып барады! – деді молда. Бірақ оның көзіне ештеңе көріне қоймады. Тек досының «ah» деп ауыр күрсініп, аузын кере ашқанын ғана байқап қалды.

– Ой, Алла-ай! – деді Еркін таңданған кейіп танытып, – Осыны біреу айтса сенбес ем!.. Құдайдың құдіреті-ай!..

Ол осы сөздерді айтып үлгермей жатып, Болатбек көзін ашып алды.

– Не қалғып кеткем бе? – деді орнынан сылбыр көтеріліп. Жан-жағына жауандай қарап қояды. Не болғанын түсіне алмай тұрғаны ұйқы-тұйқы түрінен ақ байқалып тұр.

– Екеуі де шығып кетті ме? – деді Еркін молдаға қарап.

– Иә, екеуі де алды-артына қарамай зытты ғой!..

– Қайтып кіріп алмай ма?

– Жоқ, өз бастарымен қайғы боп кетеді. Мен оларды әбден қорқытып, зәрулерін ұшырып жібердім! Енді адам баласына жуи қоймайды!..

Молда ештеңе болмағандай жаймен басып, өз орнына барып отырды. Еркін тағы да бірдеңелерді сұрағысы келіп оқтала берді де, досының көңіліне қарайлап, ол ойынан тез айныды. «Тағы бірде келермін!» деді өзін-өзі жұбатаып.

– Ал жігітім, айта отыр, не сездің? – деді молда Болатбекке қарай мойнын бұрып.

Ол ештеңе естімегендей, меңірейген қалпында үн-түнсіз тұра берді. Көңіліне көп нәрсе ұялай қалған Еркін де оған сынай қарап қояды. Досы еш сасар емес, терең ойдың құшағында мәңгіріп тұрып қалған.

– Оу, жігітім, мен саған айтып тұрмын, не сездің? – деді молда сұрағын қайталап. Сонда ғана Болатбек өзіне сөйлеп тұрғанын аңғарып, бойын тез-ақ жиып алды.

– Не дейсіз? – деді алақтап.

– Иә, сенен сұрап тұрмын, не біліп, не сездің?

– Ештеңе де. Көзім ілініп кетіпті ғой!..

– Онда есінде болсын, бойыңдағы жындарыңды шығардым! Ендігі өмірің шұғылалы да шуақты болады!

– Ой, рахмет... ой, рахмет, – дей берді Болатбек күлімсіреп”.

Бір анығы қазіргі қазақ авторы Ләйлі болса, әрбір қазақ оқырманы оған ғашық Мәжүн, сондықтан, Ләйлі мен Мәжүннің ойы ешқашан қабыса бермейді. Әр Мәжүн өз Ләйлісін өзінше ұғынады. Бұрынғыша, авторша ойлап, авторша түсіну деген ұғымды тарс естен шығарғанымыз жөн сияқты. Өйткені, әр қаламгерді тарихи және архитарихи ұлт тағдыры толғандырады да, барлық өмірлік құбылыстарға милеттік мүддені ұстанған жалпыалаштық көзқарас тұрғысынан келеді. Бұдан шығатыны мәтін тек бұрынғыны тек оқылған шақта ғана ұғынылатын



“сәйкесімді түсіну” феномені деген көнерген ұғымнан арылуға тиіспіз. Мәтін біреудің ұғынбағанын екінші біреу аңғаратын, үнемі жаңару үстіндегі, тіпті кейде автор ұстанымымен еш қабыспайтын дербес әлем. Ол дербес әлем болғандықтан әркім өзі қалаған, өзі жөн деп тапқан түсінігін бере алады. Мәжүн мен Ләйлінің мәңгілік таусылмайтын сүйіспеншілігінің жаңа қырын оқырмандық әлеміне отау тіккізу – басты ұстаным. Оны жатырқай қабылдау мен одан ірге ажыратпау әркімнің өз еркіндегі дүние. Думанның қаламы бізден тек осыны талап етеді.

Оны бұрынғы “Абай жолы”, “Адасқандар” “Ұлпан”, “Шырағың сөнбесін”, “Қан мен тер”, “Өлгендер қайтып келмейді” т.б. кеңестік дәуірдің шоқтықты туындыларына берген формулалық түйіндеулермен кесіп-пішуге еш болмайды. Әр дәуір “Абай жолы”, “Адасқандар” т.б. классикалық туындыларға қилы аңсардағы, түрлі жапсардағы өз бағалауларын сан мәрте жасайды. Әрі бұндай жаңашыл ойлар әлдекімдерге ұнамауы да мүмкін.

Автордың көркемдік деңгейі жоғары болған сайын оның туындысының сюжетінің қайталанбастығы мен дербестігі айшықтала түседі. Міне, сондай қаламгердің бірі, әрі бірегейі – Думан Рамазан.

Қазіргі қазақ әдебиетінің сюжеттік репертуары біздің қоғамымызда орын алып жатқан әдеби, қоғамдық және тарихи процестерге тікелей байланысты.

Біздің жағдайымызда қос шашты сайтан жігітке ғашық. Өлеңге сыймайтын дүние әңгіменің бойына сыйса, әңгімеге сыймайтын дүние өлеңге сыяды. Бұл – кереғарлық емес, әдеби заңдылық. Жынның өлең бойында тек поэтикалық образ болып қала беруі бар да, ал әңгіме мәтінде романтикалық, гротескілік, мифологиялық аңыста сан құбылуы бар. Бұны қаламгер персонаж аузымен былайша кестелейді:

– Шыныңды айтшы, Сәкеннің бойында жын болғаны рас па?

– Рас, болғанда қандай! Сен әлі сенбей жүрсің бе, не?

– Сенгім келсе де, біртүрлі сенімсіз сияқты. Жын адамның қай жерінде болады екен?

– Мен оны қайдан білейін. Білгің келсе барған соң молдадан анықтап сұрап аларсың. Сәкеннің бойында жын болғаны рас. Біреу емес тағы, үйірлі жын иектеп алыпты. Бақандай бесеу. Төртеуі алғашқы күні-ақ шығып кетті. Олардың да басшысы болады екен ғой! Мықты болған соң басшы болады да. Сол содыр молдамен үш күн тайталасып, әрең шықты. Сәкен содан бері бойым да, ойым да жеңілдеп қалды деп қуанып жүр ғой!.. Ауыруы да тас тиялды.

– Шын ба?

– Мен саған қашан өтірік айтып ем?! Міне, жол үстінде келе жатырмын ғой, өтірік айтсам оңбай қалайын. Тіпті Алланың атымен айтайын, шын сөзім.

– Олар адамның денесіне қалай кіріп алады екен?

– Дәл білмеймін. Имамның айтуынша, адам қатты есінегенде, қатты құмарланғанда немесе қатты ашуланғанда аузынан кіріп кетеді екен. Көбінесе лас

орындарда, жаман жерлерде, күл-қоқыстарда жүреді дейді.

– Көрдің бе, өзі?

– Нені?

– Жынды.

– Жоқ, көрдім деп өтірік айта алмаймын. Көзге көрінбесе де, адамдармен қабаптаса, қапталдаса өмір сүретін көрінеді. Кәдімгі өзіміз сияқты, өздерінше ғұмыр кешеді дейді. Кейбіреулері адамдармен бірге үйде тіршілік етсе, кейбіреулері өздерінше үй-жай салып, отбасын құрып, ұрпақ өрбітіп, елсіз мекендерде, тау аңғарларында, үңгірлерде тұрады екен!.. Алла оларды адамдардан да бұрын оттан жаратыпты. Тіпті, оны айтасың, кейбір діни кітаптарда жындар мен адамдардың қосылып, балалы болғандары туралы да айтылады! Керек десең, кезінде адамдар Аллаға қалай сыйынса, жындарға да солай бас ұратын болған. Олардың кесірлерімен бірге, қайырымдылары да болады дейді ғой!.. Біздің ауылда Құйқабай есімді молда болған. Сол кісі бір күні кешқұрым көк дөненімен желе жортып келе жатса, артына шайтан мінгесіп алып, түспей қойыпты. Әбден ыза болған ақсақал оны ағашқа байлап қойып сабапты. Содан шайтан жалынып-жалпайып, кешірім сұрап, әрең құтылған екен. Бұл оқиға ауылдан-ауылға аңыз боп тарап кеткен еді. Ол кезде біз баламыз, онша сене де, мән де бере қойған жоқпыз. Кейін ойлап қарасам, сол шын ба деймін!.. Өйткені, ол кісі атағы елге жайылған үлкен молда болатын.

– Қойшы-ей, қайдағыны айтпай!..

– Бәлі!.. Жын-шайтандар туралы Құранда да көп айтылады ғой!.. Адамдар сияқты екі аяғымен жүретін, құстар секілді әуелеп ұшатын, тіпті жылан, ит кейпінде көрінетін жындар да болады екен. Сәкеннің қолтығының астындағы күлбілтеленіп тұрған жараны өзі де көрдің емес пе?!

– Иә.

– Жараның ортасы тесік, маңайы ағараңдап ісіп тұрған еді ғой! Жындар сол жерден шығыпты. Оны молда дұға оқып отырғанда өзі айтты, жындар қолтығынан шығады деп...

– Сәкеннің өзі сезді ме екен?

– Жоқ, сезбейді-ау! Өйткені ұйықтатып тастайды.

– Ұйықтатып тастайды! – Болатбектің өңі қашып, түсі бұзылып кетті.

– Иә, ұйықтатып тастайды!..

– Неге?

– Білмеймін. Әйтеуір, молда құран оқи бастағанда жыны бар адам ұйықтап қалады да, жыны шыққан соң, өзінен-өзі оянып кетеді. Кейбір жындар өз еріктерімен шығып кетеді де, кейбіреулерін молда шықпасына қоймай зорлап шығарады. Қазақта «Жынын алған бақсыдай...» деген сөз бар емес пе?! Сол шамасы тегін айтылмаған-ау!..

Адам Мекебаев ұлттық прозада “Жезтырнақ” хикаятымен қазақ мистикалық реализмінің атасы болып табылады. Адам Мекебаев осы шығармасы арқылы жұрттың ыстық ілпитатына бөленді, бірақ,



кеңестік сын оның азат ойын ашып айтқанын еш кешпеді. Сол кезең туралы, Адам Мекебаев танымал журналшы Жұлдыз Әбділдаға берген сұхбатында ұлт әдебиетінің тарихы үшін маңызы бар екі шоқтықты ой айтады: оның бірі – “Егер нарықтық экономика сол заманда болғанда, кәсіби деген жазушылардың талайы іске аспай қалар еді. Муракамидің танымалдығы жылдан-жылға артып келеді. Оның бір ұшы жапон халқының менталитетінде жатыр. Ал бізде не бір топ құрып алып, соны қорған тұтуың керек. Не басқалардың талауына түсіп, жем боласың. Менталитет солай. Мәселен, менің «Жезтырнак» деген повесімді жұрттың бәрі мақтады. Бірақ, Сағат Әшімбаев бастаған сыншылар соны жаппай сынады. Бізді өсірмеген де осы нәрсе”. Екіншісі – өзінің әдебиетке қосқан үлесін ашып айта алмауы және біреулердің оның әдеби ағымдағы көшбасшылығын елемей. Енді ағамыздың сол күйінішіне орын берейік: “–Тәуелсіздік алғаннан бергі 22 жылдағы қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма, сіздіңше, қай шығарма? Мысалы, біреулер асыра мақтап жүрген Мағауиннің «Жармағын» екінші біреулер жаратпайды. Адамның екіге жарылуын жаңалық деп қабылдағандар бар да, плагиаттық деп қабылдағандар бар. Болмыстың екіге бөлінуі ауыз ашатындай жаңалық емес дейді...

– Ол жаңалық емес. Достоевскийде бар. Тіпті, одан әріде бар. Мұндай болмыстың екіге жарылуы менің “Жезтырнак” деген повесімде бар. Ал оны мен 30 жасымда жазғанмын. “Жар жағалаған қыз” деген повесімде де дәл осы адамның болмысының екіге жарылуы бар. 1978 жылы “Құпия қойманың” алғашқы нұсқасы шықты. Мұнда да болды әлгі екіге жарылу. Екіге жарылу үшін адам сондай күйге жетуі керек. Амалдың жоғынан жарылуы керек. Маған солай керек болды, сосын жаздым.

Жазушы ретінде айтарым, шығарма оқылуы керек. Әрине, жарнама да қажет шығар. Бірақ, оқылмайтын шығарманың берері шамалы. Мысалы, Муракамидің шығармаларын қызыға оқып шығамын. Достоевский мен Толстойды еріксіз оқимын. “Абай жолы” өте күрделі, қиын шығарма. Бірақ, мен оны да еріксіз оқимын. Ал шоқтығы биік шығарма... Оны айта алмаймын...” Ағамыз дұрыс айтады, қазақта бар нәрсені өзгенің жазған-сызғаны деңгейінде бағалау бізге опа әпермейді. Қазақтың мистикалық реализмінде Адам Мекебаевтан кейін өзіндік ойы мен өзіндік жазу мәнерін таныта білген Думанның “Жыны” өзінің әділ бағалануын күтуде. Біз тек соның шымылдығының шетін ғана түрдік.

Думан Рамазан түркі әдебиетіндегі тылсымдыққа жаңа леп, соны үрдіс қосып, бұрын кеңестік дәуірдегі отаршылдықтан ұлтын өрелілікпен азат ететін егемен әдебиеттің алғашқы талпынысын сездірді: поэзияда – Бұхаралық мемлекетшілдіктің Жұбан Молдағалиевтағы, ал, прозада – ұлттық постмодерндіктің ілкі үлгісін Адам Мекебаевта нежоңашылықта бой көрсеткендігін араға уақыт салып, әңгіме жанрында жын-сайтанға қатысты

постмодерндік сезімталдықпен бере алған.

Біз жоғарыда Думанда белгілі және ойдан шығарылған кейіпкерлердің өмірбаяндық әңгімеленуі бар және сонымен қатар, әдеттен тыс әңгімелеу үрдісі де бар екендігін сөз еткен болатынбыз. Міне, осы әдеттен тыс әңгімелеу әлеміне аяқ басқан Думан Рамазан постмодернист жазушы ретінде ұлтына екі бірдей ғажайып туынды сыйлап отыр.

Қазіргі әдеби процесіте қазақ прозашылары бәрін есте сақтаушы мың-мың жылдық тарихы бар мұрағатпен жұмыс істейді. Осы жұмыс істеу барысында әдебиет пен мәдениет арасындағы шығу тегі бағзыдан тамыр тартатын әдеби жады жаңғырып, бір-бірінен алшақ және кіндіктес сюжеттер өзара дәстүрлік аяда тоғысуға түседі. Думан Рамазанның “Жан” және “Жын” атты әңгімелері осының куәсі. Жалпы, Думан архетиптік жадыны жаңғыртуды ту етіп көтерген прозашыларымыздың бірі. Жазушының біз талдаған екі әңгімесі екі түрлі бағытты ұстанып, екі түрлі тұрақты мотивті тұтынған туындылар болып табылады. Оны ойы озық ұлт оқырманы жаңаша көзқараспен қабылдап үлгерді.

Жынға адалдық, оның құлы болу қазақ әдебиетінде бұрыннан бар мотив, осыны қазіргі қазақ мистикалық реализмінде және сюрреалистік әңгіме аңысында өзіндік бағыт қалыптастырған Думан Рамазан қалай беріп жүргені жөнінде өзіндік пікірімізді білдіре кетуді жөн көрдік.

Думан Рамазан өзінің “Жан” және “Жын” атты қос әңгімесі арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі қаламгерлеріміз арасындағы шығармашылық ізденістердің қандай деңгейде екендігін шеберлікпен таныта білгендігі көңілімізді жадыратып, қазақ мистикалық реализмінің жаңа ғасырда қандай әлемдік биіктерді бағындырғандығын ашып көрсетеді. Ешкімнің жүрегі дауламайтын тақырыпты игеру – кез келген қаламгердің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт. Тек қазақ әдебиетіндегі ғана емес, әлем әдебиетіндегі бақытын Думан Рамазан өзінің қосарлыәлемі арқылы таба алған десек, ақиқаттың ауылынан алыс кетпеспіз. Тамаша жұртты тамсандырған шығарма жазу бір басқа, сол жемісті шығармашылық жолды табысты жалғастыра білу бір басқа. Біз Думанды қазақ постмодерндік кеңістігіндегі мистик жазушы атандырған шығармашылық шабыты осымен түгесіліп қалмас деген абзал ойдамыз. Қазақ мистикалық әңгімелерінің классикасына айналған қаламгер туындыларының осы қос әңгімемен тоқталып қалмасына сеніміміз мол.